

Шектеу іс-шараларын тоқтату туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Сухорабовка ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 22 қазандағы № 10 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 23 қазанда № 6603 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабы 8) тармақшасына сәйкес, Шал ақын ауданы бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор міндетін атқарушысының 2020 жылғы 13 тамызындағы №20-34/370 ұсынысы негізінде, Сухорабовка ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Сухорабовка ауылдық округінің Сухорабовка ауылының аумағында ірі қара малдарының арасында бруцеллез ауруын жою бойынша кешенді ветеринариялық іс-шараларының аяқталуына байланысты, шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Сухорабовка ауылдық округі әкімінің "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" 2020 жылғы 27 мамырындағы №3 шешімінің (2020 жылғы 1 мауысымда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №6322 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сухорабовка ауылдық
округінің әкімі*

А. Марченко